

Қарашеңгел ауылдық округінің "Қарашеңгел" ауылына қой, ешкі малдарының ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары енгізілуі туралы

Күші жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 9 шілдедегі N 162 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 28 шілдеде N 2-12-155 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қазандағы N 289 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қазандағы N 289 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына, 1-бабының 44 тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2010 жылғы 2 шілдедегі N 467 сараптамасы, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2010 жылғы 7 шілдедегі N 689 хабарламасы және төтенше жағдай жөніндегі аудандық комиссияның 2010 жылғы 7 шілдедегі хаттамасы негіздерінде, Қаратал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарашеңгел ауылдық округінің "Қарашеңгел" ауылына қой, ешкі малдары ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында, шектеу іс – шаралары енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ о н а қ б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім:

Қ. Медеуов